

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНАТЫНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ



Мен мүдделі тараптарымызға «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2011 жылдан бастап БҰҰ Жаһандық шартына қатысушы бола отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары, еңбек, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы жаһандық шартының он қағидатын үнемі қолдайтынын қуана растаймын.

Біз әлемдегі тұрақты дамуға әсер ететін жаһандық факторлардың жалпы алғанда, барлық адамдардың бизнес жүргізу процесінде сөзсіз шектеулерге, қиындықтар мен тәуекелдерге әкелетінін толық түсінеміз. «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстанның энергетикалық жүйесінде стратегиялық маңызы зор және еліміздегі ең ірі энергетикалық холдингтердің бірі болып табылады. Осыған байланысты Компанияның негізгі міндеті – тиісті болжау мен жоспарлау арқылы тәуекелі жоғары жағдайларда электр энергиясы мен жылуды жеткізудің сенімділігін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар тәуекелдерді мүмкіндіктерге айналдыру, болашаққа дайындалу, қоршаған орта мен болашақ ұрпаққа қамқорлық көрсету болып табылады.

Өз ықпалымыздың маңыздылығын сезіне отырып, біз 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиямызды ESG қағидаттары тұрғысынан негізгі басымдықтардың бірі тұрақты даму болып табылатын Компанияның миссиясы мен пайымдауына қол жеткізуді қамтамасыз етуге негіздедік.

Біз мүдделі тараптардың қызығушылықтары мен Компанияның стратегиялық, өндірістік міндеттері арасындағы оңтайлы теңгерімді сақтай отырып, Компанияның стратегиясына, корпоративтік мәдениетке және өзіміздің күнделікті қызметімізге адам құқықтары мен орнықты даму мақсаттарын сақтау қағидаттарын біріктіру арқылы бизнесті жауапкершілікпен жүргізу, құндылық құрудың бүкіл тізбегінде адам құқықтарын қамтамасыз ету, Компания қызметкерлерінің, Компания қатысатын өңірлердегі халықтың және тұтастай алғанда, қоғамның өміріне қатысу бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдаймыз.

Біз БҰҰ-ның он қағидатын және тұрақты дамудың 17 мақсатын, жаһандық күн тәртібін, БҰҰ-ның мақсаттары мен бастамаларын интеграциялау мен іске асыру барысы туралы Компания қызметінің барлық аспектілеріне қатысты қызмет қорытындыларын бұдан әрі қарай да БҰҰ жарияланатын қол жеткізілген прогресс туралы хабарламаны Жаһандық шартының сайтында www.unglobalcompact.org, Жылдық есептерде, сондай-ақ біздің Компанияның сайтында: www.samruk-energy.kz көрсетілген сілтемелер бойынша мүдделі тараптарды үнемі хабардар етіп отыруға ниеттіміз.

Құрметпен, *Қайрат Мақсұтов*
«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы

